

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



Басқарма Төрағасы-Ректор
Д.Ж. Ахмед-Заки
2025ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
6B01560-География

Тіркеу номері	6B01500316
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01-Педагогикалық ғылым
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ)тобы	B014
БББ түрі	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	240 кредит
БББ айрықша ерекшеліктері	күндізгі
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	
Серіктес-ЖОО(ҚДББ)	-

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Исаев Е.Б.	кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., доцент	
Тасболат Б.	г.ғ. докторы, доцент	
Дайрабаева А.Ж.	география магистрі, аға оқытушы	
Бахбай Д.	ЕП-23-21к тобының студенті	
Сайханова С.	ЕП-23-21к тобының студенті	
Сихимбаев А.Е.	ООЭО «БИОС» директоры	
Баймуратов А.А.	Н.Төрекулов атындағы №62 жалпы орта мектеп директоры	
Нысанбаева Ж.Т.	С.Ерубасев атындағы №24 ІІ мектеп-лицей директоры	
Алмаханқызы Р.	Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІІ мектеп – лицейінің директоры	
Жарасова К.С.	№131 жалпы орта мектеп директоры	

Білім беру бағдарламасы «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» ЖМ академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды, « 17 » 03 2025 жыл, № 6 хаттама.

АК (комитет) төрағасы Турсынбаев А.З.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« 18 » 03 2025 жыл, № 4 хаттама

ОӘК төрағасы Е.И.Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

« 17 » 03 2025 жыл, № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1	Бағдарламаның концепциясы	
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	
3	Білім беру бағдарламасын бітірушілерінің құзыреттіліктері	
3.1	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы	
4	Пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтерге әсер ету матрицасы	
5	БББ модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кесте	
6	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	
	Білім беру бағдарламасының ақпараттық білім беру орталығы	
	Келісім парағы	
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	
	Қосымша 3 Кәсіби стандарттар	

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау және мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы); Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын

	<p>іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы</p> <p>8.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығына 1-қосымша</p>
<p>Білім беру процесін ұйымдастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
<p>БББ сапасын қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
<p>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</p>	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</p>
<p>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</p>	<p>Ерекше білім беруді қажеттететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын</p>

	<p>көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>
--	--

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	География бағыты бойынша білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыратын жоғары білікті педагогикалық кадрларды дайындау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамдағы мінез-құлықтың кәсіби және этикалық өлшемдердің маңыздылығы осы өлшемдердің жүруіне әлеуметтік-жауапты қалыптастыру қажет; - оларға өз орнын табуға мүмкіндік беретін өзгермелі жағдайда олардың кәсіби мансабын сәтті бүкіл өмір бойы білім алу мен дағдыларын білумен оны қамтамасыз ету; - кәсіптік білім беру саласында сапалы білім алу үшін - географиялық жағдайын қамтамасыз етуге; - педагогикалық, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметті дағдыларға үйрету; нысанаға дәлдеу сыни ойлау қабілеті мен дағдыларын дамытуға өздігінен үйретуді; - педагогикалық білімі мен дағдысы иеленуге бағытталған педагогикалық технологиялар саласындағы пайдалану, жаңашыл педагогикалық бап; - жаңартылған мазмұнымен сәйкес орта білім - болашақ педагогтарды даярлауды жүзеге асыруға: оқу бағдарламаларын, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау, оқыту және тәрбиелеу әдістемесін ;көп тілді дайындық есімі; - кәсіпкерлік қызметті иеленуші дағдыланған маман дайындау; - сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	"Педагог" кәсіптік стандарты 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген.
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге « <u>6B01560-География бакалавр</u> » дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Бітірушілер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №133 8.06.2017 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс стажына талаптар қойылмай әртүрлі оқу орындарында және білім беру мекемелерінде география педагогі ретінде бастапқы лауазымдарды атқара алады.
Кәсіби қызмет саласы	Білім беру қызметі
Кәсіби қызметтің объектілері	білім беру ұйымдары (жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептер, ШЖМ, лицейлер, гимназиялар)

Кәсіби қызмет пәні	оқу процесін жүзеге асыру
Кәсіби қызмет түрлері	педагогикалық қызмет
Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 - Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін ескере отырып, ғылыми зерттеу, академиялық жазу әдістерін қолдана отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби ортада және қоғамда еркін қарым-қатынас жасау.</p> <p>ОН2 - Дүниетанымды, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, ғылыми және эксперименттік зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде жаратылыстану, қоғамдық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету.</p> <p>ОН3 - Ақпараттық және есептеу сауаттылығын, ақпаратты жалпылау, талдау және қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілеттерін меңгеру.</p> <p>ОН4 - Тәрбие жұмысының әдістемесінің негіздері, заманауи тәрбие тұжырымдамалары негізінде білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ынталандыру арқылы олардың мінез-құлқын басқару; білім алушыларда салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу.</p> <p>ОН5 - Оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың тиісті әдістері мен оқу жетістіктерін бағалау құралдарын қолдану негізінде сабақтар өткізу.</p> <p>ОН6 - Әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты және ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың, олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерінің заңдылықтарын ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру.</p> <p>ОН7 - Картометриялық, геологиялық, климаттық, гидрологиялық және экономикалық-географиялық мәселелерді шешуде гидрологиялық, метеорологиялық, геодезиялық құралдарды қолдану негізінде физикалық және әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, заңдар мен заңдылықтарын түсіндіру.</p> <p>ОН8 – Әлемдік контексте географиялық білім беру негіздерін және географиялық материалдардың мазмұнын меңгеру және оларды педагогикалық білім беру қолдану.</p> <p>ОН9 - Физикалық және әлеуметтік-экономикалық, саяси география, туризм, өлкетану және геоэкология негіздерін талдау, жасанды интеллект көмегі арқылы географиялық ақпараттық жүйелер және картографиялық материалдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.</p> <p>ОН10 - Оқу процесінде зерттеулер жүргізу үшін физика-географиялық және экономикалық-географиялық әдістерді және практикалық міндеттерді шешуде далалық, геоақпараттық, статистикалық әдістерді қолдану.</p> <p>ОН11 - Жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу, өмір бойы өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін жеке білім беру траекториясын құру, салауатты өмір салтына назар аудару.</p> <p>ОН12 - Белгісіздік жағдайында зерттеушілік және кәсіпкерлік дағдыларын қолдану.</p>

3. БББ БІТІРУШІЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР(SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті. ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу. ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті. ЖҚ2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті. ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті. ЖҚ5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті. ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсету қабілеті. ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгертін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті. ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті. ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS).	
Осы бағытқа тән теориялық білім және	КҚ1 - Педагогикалық мақсат қою саласындағы білімді меңгеруге қабілетті, біртұтас педагогикалық үдерісті құрастыру және жүзеге

практикалық дағдылар мен іскерліктер	асыру білімдері мен дағдыларын меңгеру, позитивті ойлауға қабілетті, ұлттық құндылықтар жүйесіне берік, гуманизм және оптимизм этикалық құндылықтарға бейім;
	КҚ2 – Геология, геоморфология, гидрология, метеорология және климатология, жаратылыстану, топырақтану, ландшафттану, геоэкология, халықтар географиясы, туризм және өлкетану бойынша географиялық білімнің іргелі негіздерін көрсету, кәсіби қызмет саласында географиялық ақпараттық технологияларды пайдалана білу;
	КҚ3 – Географиялық ақпаратты алу және картаға түсіру үшін географиялық зерттеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру және қолдану: модельдеу, картаға түсіру, статистика және аудандастыру
	КҚ4 - Географиялық қабықтың заңдылықтары: тұтастық, заттардың айналымы, ырғақты құбылыстар, белдеулік және зоналдылық, аймақтардың, елдердің, материктердің және дүниежүзілік мұхиттардың физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық ерекшеліктері туралы түсініктері болуы.
	КҚ5 - Кәсіби қызметте географиялық және педагогикалық әдістерді қолдану, географияны оқыту әдістемесін меңгеру, қоғамның географиялық-экологиялық сауаттылығының деңгейін арттыру мақсатында халық арасында ағартушылық қызметпен айналысу
	КҚ6 - Далалық және камералдық жағдайларда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысында заманауи эксперименталды жұмыс әдістері мен құралдарын қолдану; далалық және эксперименталды зерттеу нәтижелерін өңдеу дағдысының болуы; оқушылармен сыныптан тыс жұмыс түрлерін ұйымдастыру және өткізу; оқытудың заманауи технологиялары мен интерактивті әдістерін жүйелеу және қолдану.
	КҚ7 - Ғылыми-зерттеу, далалық және зертханалық жұмыстарды орындау үшін заманауи аппараттармен және жабдықтармен жұмыс істей білу, оқушылармен ғылыми жобаларды әзірлеу және ұйымдастыру.

2	ЖБП	Философия	<p>Мақсаты:Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны:Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.</p>	5					
---	-----	-----------	---	---	--	--	--	--	--

1	ЖБП	Әлеуметтану және саясаттану	<p>Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру. Қоғамның әлеуметтік-этикалық</p> <p>Мазмұны: құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қатығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>	4							
---	-----	-----------------------------	---	---	--	--	--	--	--	--	--

2	ЖБП	Мәдениеттану және психология	<p>Мақсаты: Тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері.</p>	4	✓	✓									
---	-----	------------------------------	--	---	---	---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

	Абайтану	<p>Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» 3 жобасындағы «ұлтық кодты» сақтау мен дәріптеу.</p> <p>Мазмұны: XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда» маңыздылығы</p>	3	✓			
	Мұхтартану	<p>Мақсаты: М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту. М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау.</p>		✓			

	ЖҚаржылық Бсауаттылық Пнегіздер	<p>Мақсаты: қаржылық әл-ауқатқа жету үшін маңызды болып табылатын жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды зерттеу</p> <p>Мазмұны: Қаржылық жоспарлау және тұтынушылардың қауіпсіздігі. Ақшаны тиімді жұмсаудың және үнемдеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Жеке қаржылық ресурстарды қорғау және инвестициялау. Жеке қаржының рөлі мен маңызы, оның қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізудегі мүмкіндіктері. Көптеген күмәнді қаржылық ақпаратты сүзгілеу. Жауапкершілікті өз бетінше басқаруға ынталандыру және тұтынушының онтайлы қаржылық мүмкіндіктері. Кәсіби мансап құру кезінде сауатты қаржылық шешімдер қабылдау.</p>		✓					
	ЖҚоғамға қызмет Бету П	<p>Мақсаты: Университетте оқытылатын пәндермен байланысты қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде студенттерде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері.</p>		✓					

<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</p>	<p>Мақсаты:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны:Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру.Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату.Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет</p>	✓					
--	--	---	--	--	--	--	--

<p>Қазақ (Орыс) тілі</p>	<p>Мақсаты: Қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p>Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту</p>	✓					
--------------------------	--	---	--	--	--	--	--

Педагогикалық шеберлік негіздері	БП	Педагогика және киберпедагогика	<p>Мақсаты:Болашақ мұғалімдерді қазіргі педагогика ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерімен, педагогикалық процесті ұйымдастыру технологиясы бойынша кәсіби құзиреттіліктермен қаруландыру, киберпедагогиканың заңдылықтары мен ғылыми принциптеріне сүйене отырып, студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру процесін жобалау мен құруға дайындығын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Педагогика ғылымының генезисі, біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері. Тәрбие және дидактика теориясының негіздері, қазіргі мектепті басқару мәселелері, киберпедагогиканың ғылыми принциптері мен заңдылықтары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқу үдерісін басқарудың әдіснамасы мен технологиясы, қашықтықтан оқыту және аралас оқыту әдістемесі.</p>												
	БП	Инклюзивті білім беру	<p>Мақсаты:Инклюзивті білім берудің заманауи әлемдік және отандық теорияларымен таныстыру, инклюзивті білім беруді жобалау мен ұйымдастыруда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны:Инклюзивті білім берудің әлеуметтік мәні мен ерекшеліктері. Инклюзивті білім берудің заңдылықтары, принциптері мен моделдері. Жалпы білім беретін мектептрдегі инклюзивті білім беру қызметін реттейтін құқықтық құжаттар. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тәсілдері мен технологиялары. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқыту үшін психологиялық-педагогикалық қолдау және қолайлы жағдай жасау әдістері, инклюзивті білім беру ортасын құру мәселелері.</p>	4											

	ЖП	Арнайы пәндер практикамы	<p>Пәннің мақсаты: студенттердің ғылыми-теориялық білімдерін қалыптастыру, «География» білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқыту әдістемесін меңгеру.</p> <p>Мазмұны: «ЖОО-да арнайы пәндерді оқыту әдістемесі» курсының мақсаты, міндеттері. XX ғасырдағы технологиялық және ақпараттық жетістіктер негізінде арнайы педагогиканың дамуы. Арнайы педагогиканың практикасы мен теориясының қазіргі жағдайы. Арнайы және инклюзивті білім беру жүйесі үшін мамандарды даярлау. Арнайы білім беру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби және тұлғалық қасиеттері. Арнайы педагогика мен арнайы психологияның философиялық негіздемесі. Арнайы пәндерді әдістемелік қамтамасыз ету. Арнайы пән бойынша оқу сабақтарының құрылымы.</p>	4					✓	✓								
	БП	Педагогикалық практика	<p>Мақсаты: Педагогика, психология курстарын оқу барысында студенттердің алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту; негізгі дағдыларды меңгеру; пән мұғалімінің жұмысымен таныстыру.</p> <p>Мазмұны: Педагогикалық практика болашақ маман мұғалімдердің теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін біріктіретін негізгі форма. Педагогикалық практикадан өту кезінде студент-практикант өзінің мамандықты қаншалықты дұрыс таңдағанын, оның жеке қабілетінің болашақ мамандығына сәйкестік деңгейін анықтайды. Студенттің кәсіби қызметі мазмұнды материал негізінде, тәжірибе барысында жетілдіріледі. Бұл кезеңде оқушылардың дағдылары мен дағдылары қалыптасады, өзіне деген сенімі артады. Шығармашылық деңгейде жұмыс жасау барысында өз білімдерін дәлелдейді.</p>	1				✓	✓	✓								

Психолого - педагогикалық ғылымдар негізі	БП	Оқушылардың даму физиологиясы	<p>Мақсаты:Болашақ мұғалімдерге балалар мен жасөспірімдер денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы заманауи мәліметтер беру, оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың, олардың әртүрлі оқу іс-әрекеттерінде жоғары жұмыс қабілеттілігін сақтаудың негізінде жатқан заңдылықтар туралы біліммен қаруландыру.</p> <p>Мазмұны:Ағзаның өсуі мен дамуы; жүйке жүйесінің дамуы; жоғары жүйке қызметінің қалыптасуы және баланың даму процесінде оның қалыптасуы; сенсорлық ; эндокриндік; тірек-қимыл аппараты; тыныс алу; ас қорыту; қан және жүрек-тамыр жүйесі. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, салауатты өмір салты ережелеріне қалыптастыру.</p>	4					✓		
	БП	Жалпы және жас ерекшелік психологияның негіздері	<p>Мақсаты:Адам психикасының дамуының жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі психикалық құбылыстар туралы білімдерді оқып-үйрену және меңгеру негізінде оқушылардың психологиялық ойлауын дамыту.</p> <p>Мазмұны: Психологияға кіріспе. Сана. Тұлға. Белсенділік. когнитивтік процестер. Ерік, эмоция, сезім психологиясы. Темперамент. Кейіпкер. Мүмкіндіктер. Онтогенездегі психиканың құрылымы, қызметтері, заңдылықтары, когнитивтік процестер, жағдайлар, факторлар, психиканың даму механизмдері. Даму психологиясының әдіснамалық негіздері, ұғымдары, категориялары, механизмдері, жасқа байланысты өзгерістердің сипаты. Адам психикасы дамуының әртүрлі жас кезеңдеріндегі тұлғаның жағымды дамуының ерекшеліктері, себептері мен факторлары, шарттары мен болашағы.</p>	4				✓	✓		

Оқу мен оқыту дағы әдістемелік негіздер және жаңашыл тәсілдер	КП	МК	Географиядағы оқыту әдістемесі мен бағалау	<p>Пәннің мақсаты: Жалпы білім беретін мектептердегі географиялық пәндердің мазмұнын, білімі мен білім дағдыларының әдістемелік жүйесін және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін меңгерген болашақ мұғалімдерді даярлау.</p> <p>Мазмұны: Географияны оқыту әдістемесінің даму тарихы. Географияны оқытудың материалдық базасы. География әдістемесіндегі негізгі дидактикалық принциптер. Мектеп пәнінде географиялық түсініктердің қалыптасуы мен дамуы. Географияны оқыту әдістемесі және оқу –тәрбиелік жұмысын ұйымдастыру. География пәні бойынша білімдерін тексеру және бағалау.</p>	6								✓
	КП	ТК	География курсының инновациялық әдістермен оқыту	<p>Пәннің мақсаты: Оқушылардың география пәнінен білім сапасын арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану жүйесін меңгерген болашақ мұғалімдерді даярлау.</p> <p>Мазмұны: Инновация туралы түсінік. Инновациялық әдістердің классификациясы. Интерактивті оқытудың принциптері мен мақсаттарының негіздері, классификациясы. География сабағында интерактивті әдістерді қолдану. Оқытудың формалары: дамыта оқыту технологиялары; деңгейлік оқыту, модульдік оқыту, ақпараттық оқыту, тірек сигналдарымен оқыту, проблемалық оқыту. География пәнінде оқытудың озық технологияларын қолданудың маңызы.</p>	4								✓

	БП	ТК	Топырақ географиясы	<p>Мақсаты: топырақ жамылғысының географиялық таралуы мен түзілуін, жіктелуін, химиялық қасиеттерін ауылшаруашылық айналымындағы жер ресурстарын пайдалану түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Топырақ типтерінің қалыптасуын және топырақ жамылғысында олардың таралуын бақылайтын факторларды анықтау. Топырақтың экологиялық функциялары, құрамы, қасиеттері. Топырақтардың жіктелуі, таралу заңдылықтары мен эволюциялық даму кезеңдері. Топырақ жамылғысын заманауи географиялық аудандастырудың негізін құрайтын факторлардың иерархиялық қатынастарымен танысу. Топырақ географиясының зерттеу әдістерімен мониторинг жүргізу.</p>	5								✓
	БП	ТК	Рекреациялық география	<p>Мақсаты: Рекреациялық география ұғымдарын, зерттеу әдістемесін және әдістерін, орналасу мен даму бағыттарын меңгерту.</p> <p>Мазмұны: Рекреациялық географияның даму тарихы, пәні, зерттеу объектісі, негізгі міндеттері. Рекреациялық географияның негізгі ұғымдары, ғылымның негізгі заңдылықтары. Рекреациялық географияны зерттеу әдістемесі мен әдістері. Халықтың рекреациялық қажеттіліктері және оларды зерттеу әдістері. Рекреациялық аймақтардың сипаттамасы, картографиялық схемасы және табиғат ерекшеліктері. Қазіргі заманғы рекреациялық-туристік қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері, Қазақстанның рекреациялық ресурстарын тиімді пайдалану мүмкіндіктері.</p>									✓
	БП	ТК	Метеорология және климатология	<p>Пәннің мақсаты: атмосфера туралы негізгі білімді және планетамыздың ауа-райы мен климатын қалыптастыратын физикалық және химиялық процестерді игерту.</p> <p>Мазмұны: Атмосфералық ауаның құрамы және атмосфераның вертикальді құрылымы. Атмосферадағы радиация. Қысым және жел. Атмосфераның жылу режимі. Ылғалдылық. Атмосфералық және мұхиттық циркуляция. Климат және климат түзуші факторлар. Климаттың жіктелуі. Жердің бүкіл тарихында климатын қалыптасуы мен табиғи ауытқуын және қазіргі кезеңдегі антропогендік факторлардың рөлін анықтайтын астрономиялық, геофизикалық және географиялық факторларды зерттеу.</p>	5								✓

	КП	МК	Өндірістік педагогикалық практика II	<p>Мақсаты: нақты қызмет жағдайында кәсіби позицияны сынақтан өткізу: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, іске асыру және бағалау саласында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, сондай-ақ практика барысында пәндер бойынша білімді нақтылау болып табылады.</p> <p>Мазмұны: Өндірістік педагогикалық практика барысында студенттер пән мұғалімі ретінде педагогикалық процесті толығымен атқарады. Университет қабырғасында студенттердің алған теориялық білімдерін тереңдетеді. Ол білімді оқушылармен оқу-тәрбие жұмысында қолдануға үйренеді. Пән мұғалімі және сынып жетекшісі, оқытушы, тәрбиешінің жұмыс дағдыларын игеру. Оқу-тәрбие жұмысының заманауи технологияларын игеру. Педагогика және психология бойынша алған білімдерін жетілдіру, оларды мәселелерді шешу барысында пайдалану.</p>	3						✓	✓					✓
Мектептегі география	БП	ТК	Оқытудағы жаңартылған мазмұн	<p>Мақсаты: білім беру процесінде заманауи құзыреттілік тәсілге бағытталған білім беру бағдарламасын әзірлеу ерекшеліктерін түсіну және талдау негізінде білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымы, мазмұны, мақсаты. Оқу процесінде білім мен дағдыларды кезең-кезеңімен арттыру принципі. Оқушылардың оқу дағдыларын деңгейлік қалыптастыруға негізделген білім беру түрлері Жаңартылған білім беру шеңберінде географияны оқыту әдістері.</p>	4						✓	✓					✓
	БП	ТК	Шағын жинақты мектепте жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі	<p>Мақсаты: География бойынша білім беру бағдарламасында оқитын студенттердің ғылыми жаратылыстану бағытында білімдерін толықтыру.</p> <p>Мазмұны: Жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі. Зерттеу әдістері. Пәннің басқа ғылымдармен байланысы. Әлемнің макро және микрообъектілерінің өлшемдері, жердің шығу тарихы. Жер беті, географиялық қабықтың негізгі қабаттары, табиғи жағдайлар, табиғи объектілердің таралуы, тіршілік ету ортасы, географиялық карталар мен атластар. Градустық тор және координаттар. Материктер мен дүние бөліктері. Дүниежүзілік мұхиттың табиғаты. Әлем халқының саны мен тығыздығы.</p>							✓	✓					✓

	КП	МК	Оқу-тәрбиелік педагогикалық практика	<p>Мақсаты: Студенттерді мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілікке және тұрақты қызығушылыққа тәрбиелеу, педагогикалық іс-әрекеттің, шағармашылық, зерттеушілік әдісін дамыту.</p> <p>Мазмұны: Мектептің, сыныптың тұтас педагогикалық процесс жағдайы және оқушы тұлғасын қалыптастыру және диагностикасын жүргізу үшін жалпыпедагогикалық және жалпыпсихологиялық білім, іскерлік, дағдыларды жетілдіру; оқу-тәрбие жұмысын шығармашылықпен ұйымдастыруға жағдай жасау. Тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру дайындығына өзіндік баға беруді қалыптастыру.</p>	4						✓	✓		✓	✓		
	КП	ЖК	Оқу (маршрутты-зонааралық(алыс)) практика	<p>Мақсаты: студенттің теориялық дайындығын бекіту және тереңдету және антропогендік, ландшафттық, табиғи-экономикалық, өндірістік, әлеуметтік, рекреациялық және қоғамдық аумақтық жүйелерді дамыту мәселелері бойынша кәсіптік қызмет саласында практикалық дағдылар мен дағдыларды меңгеру. әртүрлі табиғи аймақтарда.</p> <p>Мазмұны: Маршрут – табиғи ландшафттардың аймақтық типтерінің өзгеруі және табиғи белдеулік пен өндіргіш күштерді ұйымдастыру түрлері мен қоныстандыру жүйелерінің өзара байланысы, сондай-ақ табиғат пен табиғаттың өзара әрекеттесуінің жалпы сипаты туралы түсінік беретін аймақаралық бақылаулар. қоғам. Жерді пайдалану түрлері, инфрақұрылымның тығыздығы, қозғалыс қарқындылығы бойынша бақылаулар (факті материалды жинау). Маршрут бойындағы ландшафттардың тартымдылығын бағалау. Маршрут бойындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін зерттеу. Стационарлық кезеңде алынған дағдыларға негізделген тәжірибе маршруты бойынша қалаларда социологиялық сауалнамалар.</p>	2									✓	✓		
Жаңа кәсіби құзыреттіліктерді алу модулі	БП	ТК	Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндері	<p>Мақсаты: Қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыратын қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру.</p> <p>Қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыратын басқа білім беру бағдарламаларының пәндерінен таңдалады. Сонымен қатар таңдалған пәндер негізгі оқу бағдарламасына сәйкес болмауына мүмкін. Бірнеше пәндерден тұрады. Артықшылықтары: пәнаралық байланыс және жаңа құзыреттіліктер мен дағдылар деігейін кеңейту болып табылады</p>	12				✓	✓	✓		✓				

Қорытынды аттестация модулі	КП	МК	<p>Диплом алды немесе өндірістік практика</p> <p>Мақсаты: жоғары оқу орнында алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, алған білімдерін іс-жүзінде бақылау және талдау, деректерді өңдеу, дипломдық жұмыстың өзектілігін аша білу, мемлекеттік аттестаттау комиссия алдында дипломдық жұмысты қорғауға студенттерді дайындау.</p> <p>Мазмұны: Біліктілік жұмысының мазмұны және рәсімделуі бойынша талаптар (ДРК); ғылыми зерттеулердің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, шешу қабілеті; зертханалық және далалық эксперименттерді жоспарлау және жүргізу; нәтижелерді талдау, жүйелеу және қорытындылау; Интернет ресурстарымен жұмыс істеу дағдысы.</p>	4					✓								✓			✓	✓
			<p>Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе емтихан тапсыру</p> <p>Мақсаты: диплом жұмыстарын рәсімдеу және қорғау бойынша, қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындығы және жалпы ережелер туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Диплом жұмысының жалпы ережелері, диплом жұмысының тақырыбын таңдау және бекіту, диплом жұмысының мазмұнын (жоспарын) жасау тәртібі, ақпарат дерек көздерін іріктеу және зерделеу, тәжірибе материалын жинау және өңдеу, диплом жұмысының мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын негізгі талаптар, диплом жұмысының түпкілікті нұсқасын рәсімдеу, диплом жұмысын қорғау, мемлекеттік қорытынды аттестациясының жалпы ережелері, мамандық бойынша білім бакалаврының күзінеттеріне қойылатын талаптары, бітірушілерді аттестаттау емтиханының сұрақтары және бағалау тәртібі.</p>	8				✓		✓							✓			✓	✓

**5.Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген
кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте**

Оқу курсы	Семестр	Меңгерген модуль саны	Оқылатын пәндер саны			Кредит саны KZ					Барлық сағат саны	Барлық кредит саны	саны	
			ОК	ВК	КВ	Теориялық оқыту	Дене тәрбиесі	Оқу практика	Өндірістік практика	Қорытынды аттестация			экз	диф. зачет
1	1	4	6		1	29	2				930	30	6	1
	2	5	4	3	2	26	2	1	1		900	30	5	2
2	3	6	2	5	2	28	2				900	30	6	3
	4	5	1	2	6	27	2		1		900	30	6	2
3	5	6		2	5	30					900	30	6	1
	6	5		3	3	26			4		900	30	5	1
4	7	2			7	30					900	30	6	1
	8	2		2					10+8	12	900	30		2
барлығы	13	13	17	26	200	8	1	24	12	7230	240	40	13	

6. Оқыту стратегиясы, әдістері мен жасанды интеллект, бақылау және бағалау

<p>Оқыту стратегиясы</p>	<p>Студентке орталықтанған оқыту: білім алушы-оқыту/ оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірибеге бағытталған оқыту: практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • инновациялық технологияларды қолдану; - проблемалық оқыту; - кейс-стади; - топта және креативті топта жұмыс істеу; - дискуссиялар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар; - рефлексия, жобалар, бенчмаркинг әдістері; - Блум таксономиясы; - презентациялар; • ақпарат көздерін ұтымды және шығармашылықпен пайдалану; • мультимедиялық білім беру бағдарламалары; • электронды оқулықтар; • сандық ресурстар; • машиналық оқыту әдістері <p>Студенттердің өзіндік жұмысын, жеке консультацияларын ұйымдастыру. .</p>
<p>Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Пәннің әр тақырыбы бойынша ағымдық бақылау, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (силлабусқа сәйкес). Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сабақтарда сауалнама жүргізу; - пәннің тақырыптары бойынша тестілеу; - бақылау жұмыстары; - өзіндік жұмыстарды қорғау; - пікірталастар; - тренингтер; - коллоквиумдар; - эссе және т. б. <p>Бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет аралық бақылау.</p> <p>Аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Өткізу нысандары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тестілеу түріндегі емтихан; - ауызша емтихан; - жазбаша емтихан; - аралас емтихан; - жобаларды қорғау; - практика бойынша есептерді қорғау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.</p>

БББ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

<p>Ақпараттық білім беру орталығы</p>	<p>Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залдары, 2 электрондық ресурстық орталықтар (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модульді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалы қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kz сайтында пайдаланушыларға қолжетімді электронды каталогта көрсетілген.</p> <p>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/pps сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.</p> <p>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭК 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».</p> <p>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz/web-сайты арқылы ұсынады.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Акнupress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.</p> <p>АББО ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p>Материалдық-техникалық база</p>	<p>Кафедра қарамағында жалпы ауданы 342 м² болатын дәрісханалар бар.</p> <p>Шымкент қаласы А.Асқаров атындағы Дендрологиялық саябақ</p>

КӘСІБИ СТАНДАРТТАР

1. "Педагог" кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді

